

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛІГІ



ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
МЕДИЦИНА
АКАДЕМИЯСЫ

Дәрілер технологиясы кафедрасы

ПРЕЗЕНТАЦИЯ

ТАҚЫРЫБЫ: «Дәрілер технологиясы ғылым ретінде. Дәрілер технологиясының міндеттері. Дәрілік препараттар өндірісін мемлекеттік нормалау.»

Орындаған: Султан Н.М.

Тобы: В-ФҚБ-05-16

Қабылдаған: Асылова Н.А.

Шымкент-2018

Жоспар

I. Кіріспе.

II. Негізгі бөлімі:

- Дәрілер технологиясының негізгі түсініктері;
- Дәрілік түрлер технологиясының міндеттері;
- Дәрілік препараттардың дәріханалық және өндірістік технологиясы:

- Негізгі түсініктер мен терминдер;

-МФ және басқа нормативті құжаттардың құрылысы және қолдану ережелері.

III. Қорытынды.

IV. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Кіріспе

Дәрілер технологиясы (грек тілінен techne – өнер, шеберлік; logos – ілім) – дәрілік заттарды дәрілік препараттарға белгілі бір дәрілік түр бере отырып, қайта өңдеудің өндірістік процестері мен теориялық негіздері жөніндегі ғылым. Дәрілер технологиясы фармация ғылымының құрамдас бөлігі болып табылады және дәрілік заттар мен препараттарды жасау, олардың қасиеттері, өндірісі және талдау жөніндегі ғылыми білімдер жүйесін құрайды.

құрайды.

Фармацевтік технологияның қазіргі заманда дамуы базалық және шектес пәндермен байланысты

химия
(бейорганикалық,
органикалық,
физикалық,
коллоидтық,
фармацевтикалық)

фармация ісін
ұйымдастыру
және басқару

гигиена

фармакогнозия

микробиология

фармакология

биофизика,
физика

дәрілер
технологиясы

**Қойылған міндеттерді
шешу келесі жолдармен
жүргізіледі:**

базалық және шектес ғылымдардың жетістіктерін қолдана отырып, эксперименталды және теориялық зерттеулерді қорытындылап, қазіргі заманғы қондырғыларды, аппараттарды, талдау әдістерін қолданып, ғылыми зерттеулер жүргізу;

көмекші заттардың: дәрілік құралдардың жаңа тасымалдаушысы, дисперстік орталар, дәрілік түрлердің термодинамикалық, физика-химиялық тұрақтылығын (тұрақтандырғыштар, диспергаторлар, құрылым түзгіштер) және микроорганизмдерге қарсы тұрақтылығын (консерванттар) қамтамасыз ететін заттар;

әсер етуші заттардың босап шығу жылдамдығын және дәрежесін, сіңірілуін, жергілікті әсерін реттегіштер ассортиментін кеңейту;

кіші механизация құралдарын қолдануда және дәрілік құралдарды жасап шығаруда технологиялық процесті жетілдіру;

қазіргі заманғы орамдауыш материалдарды қолданып, дәрілік түрлерді орамдауды жетілдіру; дәрілік түрлердің сапасын бақылау кезінде технологиялық параметрлерді бағалайтын объективті тәсілдерді қолдану және жасап шығару, дәрілік препараттардың сапасын бағалау үшін жаңа физика-химиялық әдістер енгізу;

әртүрлі үлгілерді қолдана отырып, дәрілік түрлерді және препараттарды жасап шығарудың барлық этаптарында биофармацевтік зерттеулер жүргізу.

**Дәрілер
технологиясы екі
бағытта дамиды:**

**дәрілерді
дәріханада
дайындау**

**дәрілерді
өндірісте
өндіру**

Дәрілер технологиясының екі бағыты – дәріханалық және өндірістік бірін-бір толықтырады, сондықтан олардың дамуы және жетілдірілуі параллельді жүргізілуі тиіс.

Жұмыстың табысты жүруі үшін кез келген ғылыми, техникалық және өндірістік салаларда пайдалынатын терминдерді дұрыс түсіну және қолдану тиімді.

Фармацевтік ғылымдар мен тәжірибелердің дамуы үшін, фармацевтік технология аса маңызды міндеттерді шешуі қажет:

- дәрілік түрлерді дайындаудың дәстүрлі әдістеріне теориялық дәйектемелер беру;
- дәрілік түрлерді дайындаудың дәстүрлі тәсілдерін жетілдіру және шектес ғылымдардың жетістіктерін пайдалану негізінде, жаңа тәсілдерін зерттеп жасау;
- емдік әсері барынша жоғары, ал жанама әсері төмен, қолдануға ыңғайлы жаңа дәрілік түрлерді зерттеп жасау.

Дәрілердің дәріханалық өндірісі – дәрілік құралдарды дәрігердің рецептті және емдеу-профилактикалық мекемелерінің талабы бойынша дайындаумен, сонымен бірге, шикізаттар мен материалдарды алу, сапасын бағалау және оларды таратумен анықталады.

Дәрілерді өндіріс жағдайында дайындау – дәрілік құралдарды сериялы өндіріп шығару, шикізаттарды, материалдарды және жартылай фабрикаттарды алу, технологиялық процестерді, орамдауды, сапасын бағалауды, тіркеуді, сақтауды, таратуды және дайын дәрілік өнімді тасымалдауды ұйымдастыру және іске асыру жұмыстарын қарастырады.




Негізгі түсініктер мен терминдер

Дәрілік заттар - аурулардың алдын алуға, оларды диагностикалауға және емдеуге, сондай-ақ ағзасының күйі мен функцияларының өзгеруіне арналған фармакологиялық белсенді заттарды білдіретін немесе олардан тұратын құралдар: дәрілік зат, дәрілік субстанция, табиғи текті дәрілік шикізат, дәрілік ангро - және балк өнімдері, дәрілік препараттар, иммунобиологиялық медициналық препараттар.



Дәрілік өсімдік шикізаты -
кұрамында биологиялық белсенді
заттар бар және дәрілік зат ретінде,
сондай-ақ дәрілік заттарды өндіру
және дайындау үшін
пайдаланылатын өсімдіктердің
бөліктері (тамырлары, түп
тамырлары мен түбірлері, шөбі,
гүлдері, жемісі мен тұқымдары,
сабақтары, қабығы, жапырақтары)






Дәрілік препарат - белгілі бір дәрілік түрдегі дәрілік зат;

Дәрілік түр - дәрілік заттың қолайлы қолданылуына және қажетті емдік әрі алдын алу әсеріне жетуі үшін келтірілетін белгілі бір жай-күйі;

Фармакопеялық құжат - дәрілік заттарға, оларды сынау көрсеткіштері мен әдістеріне қойылатын талаптардың кешенін белгілейтін құжат;


Дәрілік заттарды дайындау - дәрігерлердің рецептілері бойынша дәріханаларда дәрілік түрлерді дайындаумен, сондай-ақ дәрілік субстанциялар алумен, дайындалған дәрілік заттарды сақтаумен, сапасын бақылаумен, ресімдеумен және өткізумен байланысты фармацевтикалық қызмет;

Дәрілік формуляр - денсаулық сақтау ұйымының басшысы бекітетін, тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсету үшін дәрілік заттардың жеткілікті мөлшері болуға міндетті ұйымның бейіні ескеріле отырып қалыптастырылған дәрілік заттардың тізбесі;



Дәрілік заттарды сақтау мерзімі - дәрілік заттар сақталудың белгілі бір шарттары жағдайында талдамалық нормативтік құжаттама талаптарына сәйкес келетін уақыт кезеңі;

Дәрілік затты мемлекеттік тіркеу - дәрілік заттың фармацевтика нарығында болу қажеттігін, оның қауіпсіздігінің, тиімділігі мен сапасының бағалануын айқындау рәсімі және дәрілік затты белгілі бір мерзімге Қазақстан Республикасы Дәрілік заттарының мемлекеттік тізіліміне енгізу;



Дәрілік құралдардың өндірісін
регламенттеуші құжаттар:

ҚР МФ

**Заңнамалық
құжаттардың
жинағы және т.б**

Фармакопея, дәрінама - дәрілік заттардың сапасын қалыптамаландыратын, ережелер мен стандарттар жинағы. Мемлекеттік фармакопеяға, осы салада заң шығарушылық сипаты берілген. Фармакопея (pharmakon- дәрі және poieo – жасаймын деген грек сөздерінен шыққан). Бұл мемлекеттік кітап; онда аптекада міндетті түрде болуға тиісті дәрілік заттардың тізімі; олардың тазалығын тексеру тәсілдері туралы нұсқаулар, олардың физикалық – химиялық қасиеттері туралы қысқаша мәліметтер, улы және күшті әсер ететін заттардың бір мезгілдік, тәуліктік және ең жоғарғы дозалары туралы мәліметтер, оларды сақтау тәсілдері, кейбір дәрі түрлерін дайындау ережелері және басқа нұсқаулар бар.

Дәрілік заттар деп белгілі бір әдіспен дәрі жасауға болатын әр түрлі тектес заттарды айтады.


Заводтар мен ірі дәріханаларда жасалынатын және фармакопеяға енгізілген дәрілік заттарды ресми официналдық (*officina* – дәрігерлік), ал дәрігерлердің өтініш – нұсқаулары (рецепті) негізінде дайындалатын дәрілік формалар магистралдық (*Magister* - оқытушы, жетекші) формалар деп аталынады, яғни аптекалық (*Apoteca*) заттар дейді

Қорытынды.

Дәрілер технологиясы негіздері басқа фармацевтикалық пәндермен бірге фармацевт ассистенті және фармацевт мамандықтарын қалыптастыруда және бітірушілер арнайы технологиялық дайындығын қамтамасыз етуде маңызды роль атқарады. «Дәрілер технологиясының негіздері» курсының теориялық және практикалық мақсаттары фармацевт мамандығына және тәжірибе жүзіндегі жүргізілетін іс-шараларына баулу. ДДҰ дәріханалық және өнеркәсіптік өндірістегі өнімдер технологиясын және сапасын, сонымен қатар гомеопатиялық дәрілік құралдарды және ветеринарлық дәрілік препараттардың технологиясының негіздерін нормалаушы бастапқы заттардың тазалығына экология шарттарына, нормативтік құжаттарға және бұйрықтарға қойылатын талаптарды қамтитын дәрілік препараттардың өндірісіне қойылатын қазіргі заманғы талаптарды оқып үйретеді.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:

- Аванесьянц Э.М. Технология изготовления лекарственных форм. Ростов-на-Дону, «Феникс», 2002
- Погорелова В.И. Фармацевтическая технология. Ростов-на-Дону, «Феникс», 2002 г.
- Краснюк И.И., Михайлова Г.В. Фармацевтическая технология: Технология лекарственных форм. М., «Академия», 2006 г.
- Технология лекарственных форм. - /Под ред. Т.С. Кондратьевой. – М.: Медицина, 1991 г.- 1-й том.
- «Руководство к лабораторным занятиям по аптечной технологии лекарственных форм» - (Под ред. Кондратьевой Т.С.) - М., 1986.

The background features a light blue gradient with a blurred image of a white pill bottle containing several blue and white capsules. A few more capsules are scattered on the surface in the foreground. At the top, there are three colored rectangular blocks: a reddish-brown one, a brown one, and a tan one.

**Назарларыңызға
рақмет!!!**